

«Ауғанстан - жүректегі жара»

ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы тәрбие жұмысы бөлімінің ұйымдастыруымен Ауған соғысы ардагерлерімен өткен тағылымы мол кездесу кеші осылай аталады.

Кешке ауған соғысының ардагерлері В.Пряхин, С.Жасубиев, А.Харченко, А.Коваленко арнайы шақырылды. Академиясы бастығының көмекшісі полиция полковнигі Қ.Айтқұлов кешті жүрекжарды лебізімен ашты.

Кеш барысында «Ауғанстан – жүректегі жара» тақырыбында ауған соғысы туралы сөз қозғалды. Кешке шақырылған ауған ардагерлері сол сұрапыл соғыстағы ауыртпашылықты айта отырып, тыңдаушыларды бейбіт күннің парқын біліп, қастерлеуге шақырды. Әр ардагерге тыңдаушылар ойларында жүрген сұрақтарын қойып, жауаптар алды.

Қ.Айтқұлов: «Өз борыштарын адал атқарған ауған соғысы ардагерлерінің есімін жас ұрпаққа жеткізу, тарихтан әділетті орын беру бүгінгі күннің маңызды мәселесі. Бейбітшілік үшін күрескен ағалардың ерлігін сақтау, оларды үлгі-өнеге тұту – әрбір азаматтың борышы. Жас ұрпақ бұдан үлгі-өнеге алуы керек», - деп шараның мәні мен маңызына кеңірек тоқталды.

Сондай-ақ, кеш қонақтарына Академия өнерпаздары ән мен жырдан шашу шашты. Осындай интернационалдық борышын өтеудегі азаматтардың ерлік жолы өнеге екендігін тыңдаушылар өз өлең жолдарына арқау етті. Іс-шараның соңында, Академия тыңдаушылары ардагерлерге естелік сыйлықтарын сыйға тартты.

Жыл сайын Академия қабырғасында ақпан айының ортасында ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алу кеші ұйымдастырылып, олардың рухтарына тағзым етіледі. Жастар интернационалист-жауынгерлердің патриоттық сезімінен тағылым алсын деген мақсатпен түрлі көрме, әдеби кеш, мәдени іс-шаралар өткізіліп, көз көз көргендермен кездесулер өткізу игі дәстүрге айналған.

**ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы**